

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 желтоқсандағы N 1193 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Тэк-Алматы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұлттық қауіпсіздіктің мұқтажы үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар ЯК-42Д ұшағын беруші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) белгіленген тәртіппен :

1) 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен мемлекеттік сатып алу туралы ш а р т ж а с а с у д ы ;

2) тауарларды мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі